

## **Мәжілісте «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» заң жобасы мақұлданды**

Бүгін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысы барысында «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралып, екінші оқылымда мақұлданды, деп хабарлайды ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі.

«Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» ҚР Заңының мақсаты төлем жүйелерінің қызметін кешенді регламенттеу, төлемдік қызметтер нарығын реттеу, қолданыстағы банк практикасын жетілдіру, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту болып табылады.

Құжатта банк қызметтерінің айқындылығын арттыруға, банктердің клиенттердің төлемдерін және ақша аударымдарын орындау мерзімдерін қысқартуға, банктік емес төлем ұйымдарының қызметтерін пайдаланған кезде құқықтарды қорғауға бағытталған бірқатар жаңалықтар қамтылған.

Бұдан басқа, қаржы реттеушісінің баспасөз қызметі хабарлағандай, заң жобасында ҚР-ның бірқатар заңнамалық актілеріне (8 Кодекске және 11 Заңға) оларды «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе ҚР Заңының жобасын да бүгін Парламенттің төменгі палатасының депутаттары мақұлдады.